

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/welcome

X200

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары 3

2 Телефоныңыз 4

Қорапта не бар	4
Сымсыз телефон тұтқасына шолу	5
Негізгі блокқа шолу	6

3 Жұмысты бастау 8

Негізгі станцияны қосу	8
Ұсынылған сымсыз телефон тұтқасы батареяларын кірістіру	9
Телефонды теңшеу (мемлекетке байланысты)	9
Сымсыз телефон тұтқасын зарядтау	10
Сымсыз телефон тұтқасының батарея деңгейін тексеру	10
Күту режимі дегеніміз не?	11
Сымсыз телефон тұтқасының сигнал сапасын тексеру	11
Сымсыз телефон тұтқасын қосу немесе өшіру	11

4 Дисплей белгішелері 12

5 Қоңыраулар 13

Қоңырау шалу	13
Қоңырауға жауап беру	13
Қоңырауды аяқтау	14
Телефон тұтқасының шұңғылшасының/дауыс зорайтқыштың дыбыс деңгейін реттеу	14
Микрофон дыбысының деңгейін төмендету	14
Дауыс зорайтқышты қосу/өшіру	14
Екінші қоңырау шалу	14
Екінші қоңырауға жауап беру	14
Екі қоңырау арасында ауысу	15
Сыртқы қоңырау шалушылар бар конференция қоңырауын шалу	15

6 Екі жақты және конференциялық қоңырау 16

Келесі телефон тұтқасына қоңырау шалу	16
Қоңырауды ауыстыру	16
Конференциялық қоңырау шалу	16

7 Мәтін мен сандар 18

Мәтін мен сандарды енгізу	18
Үлкен әріп пен кіші әріп арасында ауысу	18

8 Телефон кітапшасы 19

Телефон кітапшасын қарау	19
Жазбаны іздеу	19
Телефон кітапшасынан қоңырау шалу	19
Қоңырау кезінде телефон кітапшасына кіру	20
Жазба қосу	20
Жазбаны өңдеу	20
Жазбаны жою	20
Барлық жазбаларды жою	20
Тікелей қатысу жады	20

9 Қоңырау журналы 22

Қоңырау тізімі түрі	22
Қоңырау жазбаларын қарау	22
Қоңырау жазбасын телефон кітапшасына сақтау	22
Қайта қоңырау шалу	23
Қоңырау жазбасын жою	23
Барлық қоңырау жазбаларын жою	23

10 Қайта теру тізімі 24

Қайта теру жазбаларын қарау	24
Қайта қоңырау шалу	24
Қоңырау жазбасын телефон кітапшасына сақтау	24
Қайта теру жазбасын жою	24
Барлық қайта теру жазбаларын жою	24

11 Телефон параметрлері 25

Дыбыс параметрлері	25
--------------------	----

ECO+ режимі	26
Телефон тұтқасына атау тағайындау	26
Күн мен уақытты орнату	26
Дисплей тілін орнату	27
12 Қызметтер	28
Қоңырау тізімі түрі	28
Автоконференция	28
Желі түрі	28
Автопрефикс	29
Қайта қоңырау шалу ұзақтығын таңдау	29
Теру режимі	29
Автосағат	30
Қосымша телефон тұтқаларын тіркеу	30
Телефон тұтқаларын тіркеуден шығару	30
Әдепкі параметрлерді қалпына келтіру	31
13 Техникалық мәліметтер	32
14 Ескерту	33
GAP сәйкестік стандартын пайдалану	33
Электр магнитті өріспен (ЭМӨ) үйлесімділігі	33
Ескірген бұйымдарды және батареяларды жою.	33
15 Жиі қойылатын сұрақтар	35
16 Қосымша	37
Мәтін мен санды енгізу кестелері	37

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары



Абайлаңыз

- Желідегі кернеу EN 60950 стандартында анықталғандай TNV-3 (Электробайланыс желісіндегі кернеу) ретінде жүйеленген.
- Электр желісі қауіпті ретінде белгіленген. Зарядтағышты қуаттан айырудың жалғыз жолы - қуат тасымалдау құралын электр тогы розеткасынан ажырату. Электр тогы розеткасына ыңғайлы жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.

Зақымды немесе ақаулықты болдырмау үшін:



Ескерту

- Тек қана пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген қуат тасымалдау құралдарын пайдаланыңыз.
- Тек қана пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген батареяларды пайдаланыңыз.
- Батарея бұрыс түрде орнатылса, жарылыс қаупі туындауы мүмкін.
- Пайдаланылған батареяларды нұсқауларға сәйкес тастаңыз.
- Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Әрдайым өніммен бірге ұсынылған кабельдерді пайдаланыңыз.
- Зарядтауға арналған жанасу нүктелерінің немесе батареялардың металл заттармен жанасуына жол бермеңіз.
- Кішкентай металл заттардың өніммен жанасуына жол бермеңіз. Ол дыбыс сапасын нашарлатуы және өнімді зақымдауы мүмкін.
- Металл заттар телефон тұтқасына жақын немесе оның үстінде орналасса, олар шоғырланып қалуы мүмкін.
- Жарылыс қаупі бар ортада өнімді қолданбаңыз.
- Телефон тұтқасын, негізгі станцияны немесе зарядтағышты ашпаңыз, себебі тым жоғары кернеуге тап болыңыз мүмкін.
- Алынбалы құрылғылар үшін ашалы розетка құрылғыға жақын орналасуы және ол ыңғайлы жерде болуы қажет.
- Хендс-фриді белсендіру телефон тұтқасының шұңғылшасындағы дыбысты өте жоғары деңгейге арттыруы мүмкін: телефон тұтқасының құлағыңызға тым жақын орналаспағанына көз жеткізіңіз.
- Өнімге сұйықтықтың енуіне жол бермеңіз.
- Құрамында спирт, аммиак, бензин немесе абразивті заттары бар тазартқыш құралдарды қолданбаңыз, құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Телефонды жылыту жабдығы немесе тікелей күн сәулесі сияқты қатты ыстық жерде пайдаланбаңыз.
- Телефоныңызды құлатып алмаңыз немесе өзге заттардың оның үстіне құлап кетуіне жол беріңіз.
- Жақын жердегі белсенді ұялы телефондар кедергі келтіруі мүмкін.


Жұмыс істеу және сақтау температурасы туралы

- Температурасы 0°C пен 40°C аралығында болатын (ылғалдылығы 90%-дан аспайтын) бөлмеде пайдаланыңыз.
- Температурасы -20°C пен +45°C аралығында болатын (ылғалдылығы 95%-дан аспайтын) бөлмеде сақтаңыз.
- Батарея қуаты төмен температура шарттарында қысқаруы мүмкін.


2 Телефоныңыз

Сатып алынған зат құтты болсын және Philips өнімдері орталығына қош келдіңіз!
<Brand> ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өніміңізді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Қорапта не бар



Негізгі блок



Сымды телефон тұтқасы



Сымсыз телефон тұтқасы**




Сымсыз телефон тұтқасын зарядтағыш**



Қуат адаптері**



Желі сымы*



Тұтқаның бұрамалы сымы



Кепілдік



Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы



Пайдаланушы нұсқаулығы



Ескертпе


- * Кейбір елдерде алдымен желі адаптерін желі сымына қосу, одан кейін желі сымын телефон розеткасына сұғу қажет.



Кеңес

- ** Бірнеше телефон тұтқасы бар топтамада қосымша телефон тұтқалары, зарядтағыштар және қуат адаптерлері болады.

Сымсыз телефон тұтқасына шолу



① Телефон тұтқасының шұңғылшасы

② ▲ / 🔊

- Мәзір бойымен жоғары жылжу.
- Телефон тұтқасының шұңғылшасының/дауыс зорайтқыштың дыбыс деңгейін арттыру.
- Телефон кітапшасына кіру.

③ REDIAL/C

- Мәтінді немесе санды жою.
- Операциядан бас тарту.
- Қайта теру тізіміне кіру.

④ 📞

- Қоңырауды аяқтау.
- Мәзірден шығу немесе операцияны аяқтау.
- Телефон тұтқасын қосу немесе өшіру үшін басу.

⑤ 🗨️

- Мәтінді өңдеу кезінде бос орын енгізу үшін басу.
- Күту режимінде пернетақтаны құлыптау/құлытаудан шығару үшін басып тұру.

⑥ # 2/A

- Қоңырау шалу кезінде уақытша кідірту үшін басып тұру.
- Өңдеу кезінде үлкен/кіші әріпке ауысу.

⑦ 🎤

Микрофон дыбысының деңгейін арттыру немесе төмендету.

⑧ Микрофон

⑨ 🔊

- Телефон дауыс зорайтқышын қосу/өшіру.
- Дауыс зорайтқыш арқылы қоңырау шалу және қоңырауларды қабылдау.

⑩ *INT

- Екі жақты қоңырау шалу үшін басып тұру (тек бірнеше телефон тұтқасы бар нұсқаға арналған).

- Төру режимін (импульстік режимді немесе уақытша үндестік режимін) орнату.

11 ▼ /

- Мәзір бойымен төмен жылжу.
- Телефон тұтқасының шұңғылшасының/дауыс зорайтқыштың дыбыс деңгейін төмендету.
- Қоңырау журналына кіру.

12

- Қоңырау шалу және қоңырауларды қабылдау.
- Қайта қоңырау шалу пернесі (Бұл функция желіге байланысты.)

13 MENU/OK

- Басты мәзірге кіру.
- Таңдауды растау.
- Опциялар мәзірін енгізу.
- Перненің дәл үстіңгі жағындағы телефон тұтқасы экранында көрсетілген функцияны таңдау.

14 Дауыс зорайтқыш

15 Батарея жапқышы

зорайтқыштың дыбыс деңгейін арттыру/төмендету.

2 REDIAL/C

- Мәтінді немесе санды жою.
- Операциядан бас тарту.
- Қайта төру тізіміне кіру.

3

Қоңырау журналына кіру.

4 OK

Таңдауды растау.

5

Қоңырау шалу кезінде уақытша кідірту үшін басып тұру.

6

- Телефон дауыс зорайтқышын қосу/өшіру.
- Дауыс зорайтқыш арқылы қоңырау шалу және қоңырауларды қабылдау.

7

Микрофон дыбысының деңгейін арттыру немесе төмендету.

8 Микрофон

9 R

Қайта қоңырау шалу пернесі (бұл функция желіге байланысты.)

10

- Телефон тұтқаларын табу үшін басу.
- Тіркеу режимін енгізу үшін басып тұру.

11

- Екі жақты қоңырау шалу үшін басып тұру (тек бірнеше телефон тұтқасы бар нұсқаға арналған).
- Төру режимін (импульстік режимді немесе уақытша үндестік режимін) орнату.


12

Мәтінді өңдеу кезінде бос орын енгізу үшін басу.

13

Телефон кітапшасына кіру.

Негізгі блокқа шолу



1 ▲ / ▼

- Мәзір бойымен жоғары/төмен жылжу.
- Телефон тұтқасының шұңғылшасының/дауыс

14 MENU

- Басты мәзірге кіру.
- Опциялар мәзірін енгізу.
- Перненің дәл үстіңгі жағындағы телефон тұтқасы экранында көрсетілген функцияны таңдау.


15 Дауыс зорайтқыш

3 Жұмысты бастау




Ескерту

- Телефон тұтқасын қоспас немесе орнатпас бұрын, мәндетті түрде «Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары» бөлімін оқып шығыңыз.



3

Тұтқаның бұралмалы сымын негізгі блок пен сымды телефон тұтқасына жалғаңыз.



4

Қуат адаптерінің әр ұшын келесілерге жалғаңыз (сымсыз телефон тұтқасы үшін):

- сымсыз телефон тұтқасын зарядтағышының төменгі жағындағы тұрақты ток кіріс ұясына;
- қабырғадағы қуат розеткасына.

Негізгі станцияны қосу



Абайлаңыз

- Өнімді бұзып алу қаупі! Электр қуаты көзіндегі кернеуі тоқтың телефонның артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуі токка сәйкестігін тексеріңіз.
- Батареяларды зарядтау үшін тек жинақпен берілген айнаымалы ток адаптерін пайдаланыңыз.



Ескертпе

- Егер сандық жазылу желісі (DSL) жоғары жылдамдықты интернетке телефон желісі арқылы жазылған болсаңыз, телефон желісі сымы мен қуат розеткасы арасында DSL сүзгісі орнатылғанына көз жеткізіңіз. Сүзгі DSL әсерінен туындайтын шу мен қоңырау шалушы идентификаторына қатысты мәселелердің алдын алуға мүмкіндік береді. DSL сүзгілері туралы ақпарат алу үшін DSL қызметін көрсетуші провайдерге хабарласыңыз.
- Типтік кесте негізгі станцияның астыңғы жағында орналасқан.

1


Қуат адаптерінің әр ұшын келесілерге жалғаңыз:

- негізгі блоктың артқы жағындағы DC кіріс ұясына;
- қабырғадағы қуат розеткасына.


2

Желі сымының әр ұшын келесілерге жалғаңыз:

- бөлшектің артқы жағындағы телефон ұясына;
- қабырғадағы телефон ұясына.



Ұсынылған сымсыз телефон тұтқасы батареяларын кірістіру



Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Тек ұсынылған батареяларды қолданыңыз.
- Батареяның қызмет мерзімінің азаю қаупі бар! Батареялардың әртүрлі брендтерін немесе түрлерін ешқашан араластырмаңыз.



Ескертпе

- Бірінші рет пайдаланбай тұрып батареяларды 8 сағат бойы зарядтаңыз.
- Батареяларды зарядтау кезінде телефон тұтқасының қызып кетуі - қалыпты жағдай.



Абайлаңыз

- Батареяларды батарея бөлігіне енгізу кезінде батарея полярлығын тексеріңіз. Полярлықтың дұрыс болмауы өнімді зақымдауы мүмкін.

Телефонды теңшеу (мемлекетке байланысты)

- 1 Телефонды алғаш рет пайдалану кезінде сәлемдесу хабарын көретін боласыз.
- 2 **OK** түймесін басыңыз.

Елді/тілді орнату

Елді/тілді таңдаңыз, растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

→ Ел/тіл параметрі сақталды.



Ескертпе

- Ел/тіл параметрі опциясы елге байланысты. Егер сәлемдесу хабары көрсетілмесе, ел/тіл параметрі алдын ала орнатылған. Одан кейін күн мен уақытты қолмен орнатуға болады.

Тілді қалпына келтіру үшін келесі қадамдары орындаңыз.

1

- 1 MENU түймесін басыңыз.
- 2 [Настр. телеф.]>[Язык] тармағын таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
- 3 Тілді таңдап, растау үшін OK түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Күн мен уақытты орнату




Кеңес

- Күн мен уақытты орнату үшін параметрді өткізіп жіберу үшін REDIAL/C түймесін басыңыз.

- 1 MENU түймесін басыңыз.
- 2 [Настр. телеф.] > [Дата и время] тармағын таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
- 3 Күнді енгізу үшін сандық түймелерді басыңыз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
↳ Уақыт параметрі мәзірі телефон тұтқасында көрсетіледі.
- 4 Уақытты енгізу үшін сандық түймелерді басыңыз.
 - Егер уақыт үшін 12-сағаттық пішім орнатылған болса, [am] немесе [pm] мәнін таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз (елге байланысты).
- 5 Растау үшін, OK түймесін басыңыз.

Сымсыз телефон тұтқасын зарядтау



Телефон тұтқасын зарядтау үшін сымсыз телефон тұтқасын зарядтағышқа қойыңыз. Сымсыз телефон тұтқасы зарядтағышта дұрыс орнатылса, түйісу дыбысын еститін боласыз.

- ↳ Сымсыз телефон тұтқасы зарядтала бастайды.



Ескертпе

- Бірінші рет пайдаланбай тұрып батареяларды 8 сағат бойы зарядтаңыз.
- Батареялар зарядталып жатқан кезде сымсыз телефон тұтқасының қызып кетуі - қалыпты жағдай.

Түйісу дыбысын (ақылдасу 'Түйісу дыбысын орнату' бет 25) қосуға немесе ажыратуға болады.

Телефон қолдануға дайын.

Сымсыз телефон тұтқасының батарея деңгейін тексеру

Батарея белгішесі ағымдағы батарея деңгейін көрсетеді.

 Сымсыз телефон тұтқасы зарядтағыштан тыс болғанда, жолақтар батарея деңгейін (толық, орташа және төмен) көрсетеді.

Сымсыз телефон тұтқасын зарядтағышқа қойғанда, жолақтар батарея толық зарядталғанша жыпылықтайды.

 Қуаты жоқ батарея белгішесі жыпылықтайды. Батареяның қуаты аз және оны қайта зарядтау қажет.

Егер батареялардың қуаты жоқ болса, сымсыз телефон тұтқасы өшіп қалады. Телефонды қолдану кезінде ескерту дыбыстарын естісеңіз, телефон батареясының қуаты таусылуға жақын. Ескертуден кейін қоңырау ажыратылады.

Күту режимі дегеніміз не?

Телефон қолданылмай тұрған кезде күту режимінде болады. Телефон тұтқасы/негіз атауы немесе күн мен уақыт күту режимі экранында көрсетіледі.



Keңес

- Телефон тұтқасы атауы мен күн және уақыт дисплейі арасында ауысу үшін **OK** түймесін басып тұрыңыз.

Сымсыз телефон тұтқасының сигнал сапасын тексеру

 Жолақтар саны сымсыз телефон тұтқасы мен негізгі блок арасындағы байланыс күйін көрсетеді. Жолақтар саны көп болған сайын байланыс та жақсырақ болады.

- Қоңырау шалмас немесе қабылдамас бұрын және телефон функциялары мен мүмкіндіктерін қолданбас бұрын сымсыз телефон тұтқасы негізгі блокқа қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Телефонды қолдану кезінде ескерту дыбыстарын естісеңіз, телефон батареясының қуаты таусылуға жақын немесе телефон ауқымнан тыс жерде тұр. Батареяны зарядтаңыз немесе сымсыз телефон тұтқасын негізгі блокқа жақынырақ апарыңыз.



Ескертпе

- ECO+** қосылып тұрғанда сигнал сапасының белгішесі көрсетілмейді.

Сымсыз телефон тұтқасын қосу немесе өшіру

 түймесін басып тұрыңыз.

4 Дисплей белгішелері

Күту режимінде басты экрандағы белгішелер телефон тұтқасында қолжетімді мүмкіндіктерді көрсетеді.

Белгіше	Сипаттамалар
	Сымсыз телефон тұтқасы
	зарядтағыштан ажыраулы болса, жолақтар батарея деңгейін (толықтай зарядталған немесе төмен) көрсетеді.
	Сымсыз телефон тұтқасын зарядтағышқа қойғанда, жолақтар батарея толық зарядталғанша жылжуын тоқтатпайды.
	Қуаты таусылған батарея белгішесі жыпылықтап, ескерту дыбысы естіледі. Батареяның қуаты аз және оны қайта зарядтау қажет.
	Ол сымсыз телефон тұтқасы мен негізгі блок арасындағы байланыс күйін көрсетеді. Жолақтар саны көп болған сайын сигнал сапасы да жақсырақ болады.
	Жауап берілген кіріс қоңырауын қоңыраулар журналынан қараған кезде белгіше қалыпты күйіне оралады.
	Бұл белгіше қайта теру тізіміндегі шығыс қоңырауын көрсетеді.
	Бұл белгіше жаңа жауап берілмеген қоңырау бар кезде немесе оқылмаған жауап берілмеген қоңырауларды қоңырау журналынан қарау кезінде жыпылықтайды. Оқылған жауап берілмеген қоңырауды қоңыраулар журналынан қараған кезде белгіше қалыпты күйіне оралады.

	Кіріс қоңырауын алу кезінде жыпылықтайды. Қоңырауды алған кезде, белгіше қалыпты күйіне оралады.
	Дауыс зорайтқыш қосулы.
	Қоңырау дыбысы өшірулі.
	Жаңа дауыстық хабарлама бар кезде жыпылықтайды. Дауыстық хабарламаны қоңырау журналынан қарағаннан кейін белгіше қалыпты күйіне оралады. Дауыстық хабарлама жоқ болса, белгіше көрсетілмейді.
	Бұл белгіше тізім бойынша жоғары/төмен жылжыған кезде немесе дыбыс деңгейін арттырғанда/төмендеткенде көрсетіледі.
	Оң жақ бөлігінде көп сандар көрсетілген. Оқу үшін REDIAL/C түймесін басыңыз.
ECO+	ECO+ режимі белсенді.

5 Қоңыраулар



Кеңес

- Қоңырау шалмас бұрын немесе сымсыз телефон тұтқасы арқылы (ақылдасу 'Сымсыз телефон тұтқасының сигнал сапасын тексеру' бет 11) қоңырау шалу кезінде сигнал сапасын тексеріңіз.

Қоңырау шалу

Келесі әдістер арқылы қоңырау шала аласыз:

- Қалыпты қоңырау
- Алдын ала теру қоңырауы
- Жылдам теру пернесі арқылы қоңырау шалу

Сондай-ақ, қайта теру тізімінен (ақылдасу 'Қайта қоңырау шалу' бет 24), телефон кітапшасы тізімінен (ақылдасу 'Телефон кітапшасынан қоңырау шалу' бет 19) және қоңырау журналынан (ақылдасу 'Қайта қоңырау шалу' бет 23) қоңырау шала аласыз.

Қалыпты қоңырау

1 Келесі әдістер арқылы жылдам қоңырау шала аласыз:

- Негізгі блоктағы сымды телефон тұтқасын алып,  түймесін басыңыз.
- Сымсыз телефон тұтқасында  немесе  түймесін басыңыз.

2 Телефон нөмірін теріңіз.

- ➔ Нөмір терілді.
- ➔ Ағымдағы қоңырау ұзақтығы көрсетіледі.

Алдын ала теру қоңырауы

1 Телефон нөмірін теріңіз.

- Санды өшіру үшін **REDIAL/C** түймесін басыңыз.

- Үзіліс енгізу үшін **#**** түймесін басып тұрыңыз.

2 Нөмірді келесі жолдар арқылы тере аласыз:

- Негізгі блоктағы сымды телефон тұтқасын алып,  түймесін басыңыз.
- Сымсыз телефон тұтқасында  немесе  түймесін басыңыз.



Ескертпе

- Ағымдағы қоңыраудың сөйлесу уақыты қоңыраудың уақыт датчигінде көрсетіледі.
- Егер ескерту дыбысын естісеңіз, телефон батареясының қуаты таусылған немесе телефон ауқымнан тыс жерде тұр. Батареяны зарядтаңыз немесе телефонды негізгі станцияға жақынырақ апарыңыз.

Қоңырауға жауап беру

Кіріс қоңырауы болғанда телефон шылдырлайды. Бұл кезде келесі әдістер арқылы қоңырауға жауап бере аласыз:

- сымсыз телефон тұтқасындағы  /  түймесін басыңыз немесе
- телефонды алып, негізгі блоктағы  түймесін басыңыз.



Абайлаңыз

- Телефон шылдырлағанда немесе хендс-фри белсенді болған кезде, құлағыңызға зақым келмеу үшін телефон тұтқасын құлағыңыздан қашығырақ ұстаңыз.



Ескертпе

- Қоңырау шалушы идентификаторы қызметін қызмет көрсетуші провайдерге тіркеген кезде, бұл қызмет қолжетімді болады.



Кеңес

- Қоңырау жіберілген кезде, ескертпе хабарламасы көрсетіледі.

Барлық кіріс қоңыраулары үшін қоңырау дыбысын өшіру

Телефон шылдырлағанда **REDIAL/C** түймесін басыңыз.

Қоңырауды аяқтау

Келесі әдістер арқылы қоңырауды аяқтауға болады:

- Негізгі блоктағы телефон тұтқасын қойыңыз.
- Сымсыз телефон тұтқасының  түймесін басыңыз немесе оны зарядтағышқа қойыңыз.

Телефон тұтқасының шұңғылшасының/дауыс зорайтқыштың дыбыс деңгейін реттеу

Қоңырау кезінде дыбыс қаттылығын реттеу үшін  /  түймесін басыңыз.

- ↳ Телефон тұтқасының шұңғылшасының/дауыс зорайтқыштың дыбыс деңгейі реттелген және телефон қоңырау экранына оралған.

Микрофон дыбысының деңгейін төмендету

- 1 Қоңырау кезінде  түймесін басыңыз.
 - ↳ [Звук выкл.] көрсетіледі.
 - ↳ Қоңырау шалушы сізді естімейді, алайда, сіз оны естисіз.
- 2 Микрофонды ажырату үшін  түймесін қайта басыңыз.
 - ↳ Енді қоңырау шалушымен сөйлесе аласыз.

Дауыс зорайтқышты қосу/өшіру

 түймесін басыңыз.

Екінші қоңырау шалу

Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты.

- 1 Қоңырау кезінде сымсыз телефон тұтқасының  түймесін немесе негізгі блоктағы **R** түймесін басыңыз.
 - ↳ Бірінші қоңырау желіде тұрады.
- 2 Екінші нөмірді теріңіз.
 - ↳ Экранда көрсетілген нөмір теріледі.

Екінші қоңырауға жауап беру

Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты.

Кіріс қоңырауы туралы хабарлайтын үздіксіз дыбысты естісеңіз, келесі жолдар арқылы қоңырауға жауап бере аласыз:

- 1 Қоңырауға жауап беру үшін  түймесін, одан кейін сымсыз телефон тұтқасының **2^{ABC}** түймесін немесе **R** түймесін басыңыз да, негізгі блоктағы **2^{ABC}** түймесін басыңыз.
 - ↳ Бірінші қоңырау желіде тұрады, ал сіз екінші қоңырауға қосыласыз.
- 2 Ағымдағы қоңырауды аяқтап, бірінші қоңырауға жауап беру үшін  түймесін, одан кейін сымсыз телефон тұтқасының **1[∞]** түймесін немесе **R** түймесін басыңыз да, негізгі блоктағы **1[∞]** түймесін басыңыз.

Екі қоңырау арасында ауысу



Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты.

☎^R түймесін, одан кейін сымсыз телефон тұтқасының **2^{ABT}** түймесін немесе **R** түймесін басыңыз да, негізгі блоктағы **2^{ABT}** түймесін басыңыз.

- ↳ Ағымдағы қоңырау желіде тұрады, ал сіз келесі қоңырауға қосыласыз.

Сыртқы қоңырау шалушылар бар конференция қоңырауын шалу



Ескертпе

- Бұл қызмет желіге және елге байланысты. Қосымша төлемдер жөнінде ақпаратты қызмет көрсетуші провайдерінен алыңыз.

Екі қоңырауға қосылған кезде ☎^R түймесін, одан кейін сымсыз телефон тұтқасындағы **3^{ABT}** түймесін немесе **R** түймесін басыңыз да, негізгі блоктағы **3^{ABT}** түймесін басыңыз.

- ↳ Екі қоңырау біріктіріледі және конференциялық қоңырау орнатылады.

6 Екі жақты және конференциялық қоңырау

Екі жақты қоңырау — бір негізгі станцияны ортақ пайдаланатын өзге телефон тұтқасына шалынатын қоңырау. Конференция қоңырауы сіз, өзге телефон тұтқасын пайдаланушы және сыртқы қоңырау шалушы арасындағы тілдесуді қамтиды.

Келесі телефон тұтқасына қоңырау шалу



Ескертпе

- Егер негізгі станцияда тек екі телефон тұтқасы тіркелген болса, қоңырауды келесі телефон тұтқасына қоңырау шалу үшін *INT түймесін басып тұрыңыз.

- 1 *INT түймесін басып тұрыңыз.
↳ Екі жақты қоңырау үшін қолжетімді телефон тұтқалары көрсетіледі.
- 2 Телефон тұтқасы нөмірін таңдаңыз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
↳ Таңдалған телефон тұтқасы шылдырлайды.
- 3 Таңдалған телефон тұтқасындағы  түймесін басыңыз.
↳ Екі жақты қоңырау орнатылды.
- 4 Екі жақты қоңырауты тоқтату немесе аяқтау үшін REDIAL/C не болмаса  түймесін басыңыз.

Қоңырау кезінде

Қоңырау кезінде бір телефон тұтқасынан екінші телефон тұтқасына ауыса аласыз:

- 1 *INT түймесін басып тұрыңыз.

↳ Ағымдағы қоңырау желіде тұрады.

- 2 Телефон тұтқасы нөмірін таңдаңыз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
↳ Келесі тараптың қоңырауға жауап беруін күтіңіз.

Қоңыраулар арасында ауысу

Сыртқы қоңырау мен екі жақты қоңырау арасында ауысу үшін *INT түймесін басып тұрыңыз.

Қоңырауды ауыстыру



Ескертпе

- Егер негізгі станцияда тек екі телефон тұтқасы тіркелген болса, қоңырауды келесі телефон тұтқасына аудару үшін *INT түймесін басып тұрыңыз.

- 1 Қоңырау кезінде *INT түймесін басып тұрыңыз.
↳ Екі жақты қоңырау үшін қолжетімді телефон тұтқалары көрсетіледі.
- 2 Телефон тұтқасы нөмірін таңдаңыз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
- 3 Келесі тарап сіздің қоңырауыңызға жауап бергенде, қосымша телефон тұтқасындағы  түймесін басыңыз немесе негізгі блоктағы телефонды қойыңыз.
↳ Қоңырау таңдалған телефон тұтқасына аударылады.

Конференциялық қоңырау шалу

3 жақты конференция қоңырауы — сіздің, өзге телефон тұтқасын пайдаланушының және сыртқы қоңырау шалушының арасындағы қоңырау. Ол бір негізгі станцияны ортақ пайдаланатын екі телефон тұтқасының болуын қажет етеді.

Сыртқы қоңырау кезінде

- 1 Ішкі қоңырауды бастау үшін *INT түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Сыртқы қоңырау желіде тұрады.
 - ↳ Келесі телефон тұтқасы шылдырлайды.
- 2 Таңдалған телефон тұтқасындағы  түймесін басыңыз.
 - ↳ Екі жақты қоңырау орнатылды.
- 3 [Конференция] тармағын таңдаңыз.
 - ↳ Сіз сыртқы қоңырау мен таңдалған телефон тұтқасы арқылы орнатылған 3 жақты конференциялық қоңыраудасыз.
- 4 Конференциялық қоңырауды аяқтау үшін сымсыз телефон тұтқасындағы  түймесін басыңыз немесе негізгі блоктағы телефонды қойыңыз.



Ескертпе

- Егер [Службы] > [Конференция] үшін [Авто] орнатылған болса, өзге телефон тұтқасындағы белсенді конференцияға қосылу үшін сымсыз телефон тұтқасындағы  /  түймесін немесе негізгі блоктағы  түймесін басыңыз.

Конференциялық қоңырау кезінде

- 1 Сыртқы қоңырауды желіде ұстап, ішкі қоңырауға оралу үшін *INT түймесін басыңыз.
 - ↳ Сыртқы қоңырау желіде тұрады.
- 2 Конференциялық қоңырауды қайта орнату үшін *INT түймесін қайта басыңыз.



Ескертпе

- Егер конференциялық қоңырау кезінде бір телефон тұтқасын қойсаңыз, екінші телефон тұтқасы сыртқы қоңырауға қосылу күйінде қалады.

7 Мәтін мен сандар

Телефон тұтқасы атауы, телефон кітапшасы жазбалары және өзге де мәзір элементтері үшін мәтін және сандарды енгізе аласыз.

Мәтін мен сандарды енгізу

- 1 Қажетті таңбаны енгізу үшін әріптік-сандық пернені бір немесе бірнеше рет басыңыз.
- 2 Таңбаны жою үшін **REDIAL/C** түймесін басыңыз. Барлық таңбаларды жою үшін **REDIAL/C** түймесін басып тұрыңыз. Меңзерді солға және оңға жылжыту үшін **▲ / ▼** түймесін басыңыз.
- 3 Бос орын қосу үшін **⬜** (Сымсыз телефон тұтқасы) немесе **⬜** (негізгі блок) түймесін басыңыз.

Ескертпе

- Таңбалар мен сандарды басты салыстыру туралы мәліметтер алу үшін «Қосымша» тарауын қараңыз.

Үлкен әріп пен кіші әріп арасында ауысу

Әдепкі бойынша, сөйлемдегі әр сөздің бірінші әрпі үлкен әріптен басталады, ал қалғандары кіші әріппен жазылады. Үлкен әріптер мен кіші әріптер арасында ауысу үшін сымсыз телефон тұтқасындағы **#**A** түймесін басыңыз.

8 Телефон кітапшасы

Бұл телефонның 50 жазба сақтауға болатын телефон кітапшасы бар. Телефон кітапшасынан сымсыз телефон тұтқасынан немесе негізгі блоктан кіре аласыз. Әр жазбаның атауының ұзындығы 14 таңбадан және 24 саннан тұруы мүмкін. 2 тікелей қатысу жады бар (1 және 2 пернелері). Елге сәйкес 1 және 2 үшін сәйкесінше қызмет көрсетуші провайдердің дауыстық хабарлама нөмірі және ақпараттық қызмет нөмірі алдын ала орнатылады. Перне күту режимінде басып тұрғанда сақталған нөмір автоматты түрде теріледі.

Телефон кітапшасын қарау



Ескертпе

- Телефон кітапшасын бір уақытта бір телефон тұтқасынан қарай аласыз.

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 - түймесін басыңыз;
 - **MENU** түймесін басыңыз. [**Телеф. книга**] > [**Показать**] тармағын таңдау үшін / түймесін басыңыз, растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 2 Контактін таңдау және қолжетімді ақпаратты қарау үшін / түймесін басыңыз.

Жазбаны іздеу

Телефон кітапшасы жазбаларын екі жолмен іздеуге болады:

- Контактілер тізімі бойымен жылжу.

- Контактінің алғашқы таңбасын енгізу.

Контактілер тізімі бойымен жылжу

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар.
 - түймесін басыңыз;
 - **MENU** түймесін басыңыз. [**Телеф. книга**] > [**Показать**] тармағын таңдау үшін / түймесін басыңыз, растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 2 Телефон кітапшасы тізімі бойымен қозғалу үшін және түймесін басыңыз.

Контактінің алғашқы таңбасын енгізу

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 - түймесін басыңыз;
 - **MENU** түймесін басыңыз. [**Телеф. книга**] > [**Показать**] тармағын таңдау үшін / түймесін басыңыз, растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 2 Таңбаға сәйкес келетін әріптік-сандық пернені басыңыз.
 - ↳ Осы таңбадан басталатын жазба көрсетіледі.

Телефон кітапшасынан қоңырау шалу

- 1 Телефон кітапшасына кірудің екі жолы бар:
 - түймесін басыңыз;
 - **MENU** түймесін басыңыз. [**Телеф. книга**] > [**Показать**] тармағын таңдау үшін / түймесін басыңыз, растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

- 2 Телефон кітапшасынан контактіні таңдаңыз.
- 3 Қоңырау шалу үшін  түймесін басыңыз.

Қоңырау кезінде телефон кітапшасына кіру

- 1 MENU түймесін басыңыз.
- 2 Контактіні таңдау үшін  /  түймесін басыңыз, нөмірді көру үшін OK түймесін басыңыз.

Жазба қосу



Ескертпе

- Егер телефон кітапшасының жады толы болса, телефон тұтқасында ескертпе хабарламасы көрсетіледі. Жаңасын қосу үшін бірнеше жазбаны жойыңыз.
- Телефон кітапшасында ескілерінің орнына жаңалары пайда болады.

- 1 MENU түймесін басыңыз.
- 2 [Телеф. книга] > [Доб. новый] тармағын таңдау үшін  /  түймесін басыңыз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
- 3 Атауды енгізіңіз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
- 4 Нөмірді енгізіңіз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
↳ Жаңа жазба сақталды.



Кеңес

- Уақытша кідірту үшін # пернесін басып тұрыңыз.
- Қажетті таңбаны енгізу үшін әріптік-сандық пернені бір немесе бірнеше рет басыңыз.
- Таңбаны жою үшін REDIAL/C түймесін басыңыз. Мензерді солға және оңға жылжыту үшін  және  түймесін басыңыз.

Жазбаны өңдеу

- 1 MENU түймесін басыңыз.
- 2 [Телеф. книга] > [Редактир.] тармағын таңдау үшін  /  түймесін басыңыз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
- 3 Контактіні таңдап, растау үшін OK түймесін басыңыз.
- 4 Атты өңдеңіз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
- 5 Нөмірді өңдеңіз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
↳ Жазба сақталды.

Жазбаны жою

- 1 MENU түймесін басыңыз.
- 2 [Телеф. книга] > [Удалить] тармағын таңдау үшін  /  түймесін басыңыз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
- 3 Контактіні таңдап, растау үшін OK түймесін басыңыз.
↳ Растау хабары көрсетіледі.
- 4 Растау үшін, OK түймесін басыңыз.
↳ Жазба жойылды.

Барлық жазбаларды жою

- 1 MENU түймесін басыңыз.
- 2 [Телеф. книга] > [Удалить все] тармағын таңдау үшін  /  түймесін басыңыз, растау үшін OK түймесін басыңыз.
↳ Растау хабары көрсетіледі.
- 3 Растау үшін, OK түймесін басыңыз.
↳ Барлық жазбалар (2 тікелей қатысу жады жазбасынан басқа) жойылды.

Тікелей қатысу жады

2 тікелей қатысу жадын құруға болады (1 және 2-перне). Сақталған телефон нөміріне автоматты түрде қоңырау шалу үшін күту режимінде пернелерді басып тұрыңыз. Елге сәйкес 1 және 2-перне үшін сәйкесінше желі операторының **[1_гол. почта]** (дауыстық хабарлама нөмірі) және **[2_справка svc]** (ақпараттық қызмет нөмірі) қызметі алдын ала орнатылуы мүмкін.

9 Қоңырау журналы

